

**ӘБІЛҒАЗЫНЫҢ «ТҮРКІ ШЕЖІРЕСІНІҢ» ТІЛІ – ҚАЗАҚТЫҢ
XVII ҒАСЫРДАҒЫ ЕСКІ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІ
LANGUAGE OF «TURKIC CHRONICLE» ABILGAZY – OLD
WRITING OF KAZAKH LITERARY LANGUAGE IN XVII CENTURY**

Б. ӘБІЛҚАСЫМОВ*

Түйіндемe

Мақалада Хиуа ханы Әбілғазының «Түркі шежіресі» атты шығармасының тілін тарихи және лингвистикалық тұрғыда зерделеу нәтижесінде оның көне қыпшақ тілінде жазылғаны туралы тың пікір айтылады. Қазақ тілі көне қыпшақ тілінің заңды жалғасы (мұрагері) саналғандықтан «Шежіре» қазақтың ескі жазба әдеби тілінің XVII ғасырдағы ескірткіші ретінде қаралуға тиіс екендігі жайында өз тұжырымын алға тартады.

Кілт сөздер: Әбілғазы, шежіре, түркі тілі, шағатай тілі, «Түркі шежіресі», ескі қазақ әдеби тілі.

Summary

The results of the comprehensive research of the language of the work "Shezhire-i Turki" by Abylgazy and historical sources of that time give the grounds to the author of the article to draw the conclusion that it was written in the ancient Kipchak literary language. According to turcologists assertion, the old Kazakh literary language is the heir-at-law of the ancient Kipchak language. It is possible to consider the language of this work by Abylgazy as the written form of the old Kazakh language of the XVII century.

Keywords: Abilgazy, genealogy, Turkic language, Turkic genealogy, old Kazakhs literary language.

Хиуа ханы Әбілғазы баһадүрдің (1603-1664) «Шежіре-и Түрки» ғылым дүниесіне XVIII ғасырдың бас кезінде мәлім болды. Ресей-Швеция соғысында қолға түсіп Сібірге жер аударылған швед офицерлері Тобыл қаласынан аталған қолжазбаны кездестіріп, оны Бұхар ахунына орысша аудартып өз елдеріне жібереді. Шежіре француз, неміс, орыс тілдеріне аударылады, бірақ оның түпнұсқасы жарияланбағандықтан аса сәтті шықпаған. Тек 1825 жылы Қазанда Халпиннің көмегімен баспа бетін көрген соң ғана ғылыми айналымға

* филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы/Қазақстан.
Doctor of philological sciences, Professor, Chief Researcher, an institute is linguistics of the name А.Байтұрсынова, Almaty-Kazakhstan.

түседі. Шығарма «Шежіре» аталғанымен, ол өз заманы үшін тарихи еңбек деуге болады [1]. Оның XVII ғасырдағы өзге жазба ескерткіштерінен өзіндік ерекшелігі де бар.

Біріншіден, «Шежіре» авторы өз заманының білімді, көптеген ғылым саласынан мол хабардар болған адам деуге болады. Сондықтан өзінен бұрын жазылған еңбектерді де пайдаланған.

Екіншіден, араб, парсы, түрік, моңғол тілдерін жақсы білгендіктен, көптеген шет тілінің сөздерін түркі тілдеріне аударып және түсіндіріп отырған.

Автордың басты ерекшелігі өз шығармасының тілі туралы «...бұл кітап бес жасар бала түсінетіндей етіп, түркі тілінде жаздым. Араб, парсы, шағатай тілдерінен бір де сөз қоспадым» дейді.

Әбілғазының бұл ескертпесі түркітанушы ғалымдар арасында әртүрлі пікір туғызып келеді. Әбілғазының «Түрікмен шежіресінің» тілін зерттеу үстінде академик А.Н.Кононов бұл жайында төмендегіні айтады: «Әбілғазының екі шығармасының тілі де соншалық карапайым, бес жасар бала болмағанымен, Хиуа тұрғындарының жиынында бұл тарихи шығармаларды өте тартымды және түсінікті әңгіме тыңдағандай қабылдауына автордың сөзін толық негіз бар еді» [2].

Шығарманың тілін автор классикалық шағатай тілінің морфологиялық құрылысы сақталған, бірақ араб, иран сөздерін едәуір шектеп қолдану, халықтың сөйлеу тіліне тән лексиканы молынан кіргізу арқылы өзінің сөздік құрамын бірсыпыра өзгерткен шағатай тілінің кейінгі бір тармағы деп анықтайды.

«Түрік шежіресінің» грамматикалық құрылысына арналған зерттеуінде проф. С.Н.Иванов та бұл мәселеге қатысты пікірін білдірді. Әбілғазының өз шығармасының тілі туралы ескертпесі ондағы өзге тілдік синтаксистік элементтердің жоқтығын айтқандағысы дегенге тіреледі [3]. Бұл жайында проф. А.М.Щербактың да пікірі бар. Әбілғазы оны өз шығармасының лексикалық тазалығын көрсету үшін айтқан, әйтпесе оның грамматикалық құрылысында парсы тілінің әсері айқын байқалады [4] дегенді айтады.

Бұл ғалымдардың бәрі де Әбілғазының «Түрік шежіресінің» өзбек әдеби тілінің тарихын зерттеуге қажетті тілдік нұсқа ретінде қарастырады.

Бұл ғалымдардың «Түркі шежіресі» классикалық шағатай тілінің жеңілдетілген, араб, парсы тілдерінің сөздерін аз қолданған, лексикасында Хиуа тұрғындарының сөйлеу тілі сөздерін көбірек

кіргізген дегендеріне келісуге болады. Бірақ олардың бұл шығарманың тілін шағатай тілінің бір тармағы дегенімен, сондай-ақ «Шежірені» ескі өзбек әдеби тілінің ескерткіші дегендерімен келісу қиын.

Осы жерде «шағатай тілі», «ескі өзбек тілі», «Хиуа тұрғындарының тілі» дегендерге, сол сияқты Әбілғазының өз шығармасының тілі туралы ескертпесіне біз де өз пікірімізді келтіре кетуді жөн көрдік.

Жалпы, түркітану ғылымында «шағатай тілі» деген термин көптен бері қалыптасқан. Бұл терминді түркітанушылардың бұрынғы буыны өз еңбектерінде қолданған.

«Шағатай тілі» дегеніміз о баста Шыңғыс ханның ұлы Шағатай билеген Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан жерінде кең тараған жазба әдеби тілдің тұспалды атауы ретінде XIV ғасырда пайда болған. Бұл тілде IX-XI ғасырлардағы ұйғыр әдеби тілі дәстүрі мен XI-XIV ғасырлардағы көне қыпшақ тілі лексикасы молынан сақталған.

1950 жылдардан бастап В.В.Решетов бастаған өзбек тілшілері «шағатай тілі» деген терминді «ескі өзбек тілі» сөзімен ауыстыра бастады [5]. Мұны орыс түркітанушылары А.Н.Кононов, А.М.Щербак т.б. қолдады.

Сөйтпін шағатай тілі дегеніміз ескі өзбек жазба әдеби тілі болып шығады. Әбілғазының шағатай тілінен бір де сөз қоспадым дегені ескі өзбек әдеби тілін пайдаланбадым дегенге саяды.

Ал XVII ғасырдағы Хиуа тұрғындары кімдер еді? «Шежіреде» Хиуа тұрғындары жөнінде айтқанда өзбек атауы көбірек ұшырайды. Бірақ ол атаумен бұрынғы дәстүр бойынша Өзбек ханның қол астында болып, Алтын Орданың ыдырауымен байланысты Орта Азияға ығысқан қазақ рулары (үйсін, найман, қаңлы, қыпшақ т.б.) мен маңғыттар аталған болатын. Ол рулар өздерінің сан ғасыр қолданған қыпшақ тілін ұмыта қоймағаны белгілі.

Көптеген зерттеушілердің пікірлері бойынша, өзбек этноним ретінде тек XVI ғасырда ғана қалыптасқанын көреміз. Халық болып қалыптаспай тұрып оның тілін қалай әдеби, жазба тіл ретінде бүкіл түркі жұрты қалай қолданбақшы?

Өзбек тарихшысы Б.Ахмедов былай деп жазды:

«В начале XVI в. часть выше указанных племен, сшютившихся вокруг Шайбани хана, вторглась в Среднюю Азию и обосновалась на территории современного Узбекистана. С этого времени узбек получил этническое значение, «все тюркоязычное население приняло это имя» [6]. Ал ол тайпалардың кімдер екенін Рузбеханның жазбасынан

көреміз. Ол XVI ғасырда өзбек дегенге үш халықтың (тайпа одағының) кіргенін айтады. Олар - Шайбани ұлысына кірген барлық тайпалар, қазақтар және манғыттар [7].

А.М.Щербак белгісіз автордың «Шаджрат ал-атрак» деген қолжазбасынан мынадай дерек келтіреді: «...Әулие Сейіт ата, сұлтан Мұхаммед Өзбек ханмен бірге Мауреннахрға келген көшпенділерден «Сендер кімсіңдер?» - деп сұрағанда, олар «Өзбектерміз» деп жауап берген. Сол кезден бастап Мауреннахрға келген көшпенділер жергілікті тұрғындармен араласып, өзбек атанған» [4].

Біздіңше, Әбілғазының «түркі тілінде жаздым» дегені сол кезге дейін таза сақталған көне қыпшақ тілі болса керек. Өйткені XVII ғасырда бірыңғай түркі мемлекеті де, тілі де жоқ еді. Сондай-ақ қыпшақ пен түркі сөзі көп уақыт бірінің орнына бірі жүре беретін синоним болған (Бейбарыстың өзін «қыпшақпын, оның ішінде берішпін» дегенін еске түсіруге болады). Неге «қыпшақ тілінде жаздым» деген? Себебі ол кезде қыпшақтар үшке бөлініп, әр тарапқа кеткен еді. Тайпа дәрежесінен де айырылып, ру ретінде қазақ, өзбек бірлестігінің құрамында қалған болатын. Ал сол көне қыпшақ тілінің тікелей мұрагері болып қазақ тілі қалды десек «Шежіренің» қазақ оқушысына таныс, өте жақын болу себебі де сондықтан болса керек.

Жоғарыда аталған ғалымдар «Шежірені» ескі өзбек тілінің ескерткіші деп қарайды. Оған себеп оның қазіргі Өзбекстан территориясында жазылғаны еске алынған болуы мүмкін. Әйтпесе, Әбілғазы өз шығармасында «шағатай немесе ескі өзбек әдеби тілінен бір де сөз алмадым» деп, одан өзі безіп отыр. Өзбек тілшілері бұны өзбек әдеби тілінің ескерткіші ретінде қарамайды және зерттеген де емес. Өйткені «Шежіре» мәтіні қазіргі өзбек оқушысына мүлдем түсініксіз.

Шежіре тілін зерттеу үстінде қол жеткізген кейбір деректерді келтіре кетейік. Алдымен оның лексикалық құрамын сөз етер болсақ, төмендегілерді айтуға болады. «Шежіренің» сөздігін түзген араб және парсы тілдерінің мамандары Г.Мамырбекова мен А.Сейтбековалардың есептеуі бойынша, ондағы ономастикалық атаулар мен қайталауларды шығарып тастағанда, араб сөздері – 7,9 %, парсы сөздері – 7,3% екен. Қалғандары түркі сөздері де, бірен-саран моңғол, оғыз тілдерінің сөздері ұшырайды. Бірақ бұлар пайыз құрай алмайды.

Автордың өзінің көне түркі тілінен хабардар екендігін білдіру мақсатымен болса керек, кейбір *бұдын*, *бітік*, *балық* сияқты көне түркі сөздерін кіргізген, бірақ оның қазіргі тілдегі *халық*, *жазу*, *қала* тәрізді

баламалары да қолданылған.

«Шежіредегі» түркі сөздерінің басым көпшілігі қазіргі қазақ тілінде кездеседі. Егер онда қолданылған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді сөз етер болсақ, олардың көпшілігі қазіргі қазақ тіліне тән, мағыналық жағынан бірдей түсіп жатады. Мәселен, *ант беру, өш алу, аузы ала болу, жүрегі жарылу, бас ұру, көз тігу, сүт пісірім, ат аяғы жетпес (жер)* сияқты фразеологизмдермен қатар «ит семірсе иесін қабар», «арбаның екі арысы бүтін болса түзу көшер», «үйсіз өз кіндігін өзі кесер» тәрізді мақал-мәтелдер қазіргі оқушыға да жат емес.

«Шежіренің» грамматикалық құрылысы көне түркі, кейін ұйғыр әдеби тілінен көп өзгеріске түспей сақталып келе жатқан дәстүрлі грамматикалық жүйені пайдаланған, яғни «Шежіре» сөз тудыру, сөз өзгерту (байланыстыру) амалдары, негізінен, қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы көне жазбаларында, тіпті Абайдың қарасөздері мен Ыбырайдың «Шариат әл-ислам» кітабында да бұл жүйе сақталған.

Ал «Шежіренің» синтаксистік құрылысының қазіргі қазақ тілінің синтаксистік жүйесінен айырмашылығы жоқ деуге болады, тек кейде сөйлемдердің ауызша әдеби тіл үлгісінде кездесетіндігін де байқауға болады.

Қорыта айтқанда, өз зерттеулерімізге сүйене отырып, Әбілғазы «Шежіресін» XVII ғасырдағы ескі қазақ әдеби тілінің жазба нұсқасы деген тұжырым жасауды дұрыс көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілқасымов Б. *Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі*. Алматы: Арыс, 2001. -246 б.
2. Кононов А.Н. *Родословная Туркмен. Сочинение Абу-л-гази хана Хивинского*. М.-Л.: изд. АН СССР, 1958.
3. Иванов С.Н. *Родословное древо тюрков Абулгази хана*. Ташкент, 1969.
4. Щербак А.М. *Грамматика староузбекского языка*. М.-Л., 1962.
5. Решетов В.В. *Узбекский язык. Ч. I (Введение, фонетика)*. Ташкент, 1959.
6. Ахмедов Б.А. *Государство кочевых узбеков*. М., 1965.
7. Рузбехан. *Михман-наме-и Бухари*. Рукопись истории востоковедения Уз.ССР. Материалы, относящиеся к истории Золотой Орды. М.-Л., 1941.